

"Жұмыссыз азаматтарды есепке қою және тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартын бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 11 тамыздағы № а-6/336 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 26 желтоқсандағы № а-9/575 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 2 ақпанда № 3304 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2011 жылғы 10 наурыздағы № А-6/358 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2011.03.10 № А-6/358 қаулысымен

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабына сәйкес Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. «Жұмыссыз азаматтарды есепке қою және тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартын бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 11 тамыздағы №а-6/336 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерінің Аймақтық мемлекеттік тіркеу Тізімінде № 3266 болып тіркелген, «Акмолинская правда» газетінде 2008 жылғы 9 қыркүйекте, «Арқа ажары» газетінде 2008 жылғы 9 қыркүйекте жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген «Жұмыссыз азаматтарды есепке қою және тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартында:

«Жұмыссыз азаматтарды есепке қою және тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 2-қосымшасында:

«Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні» кестесінде:

3.2. жолы мынадай редакцияда берілсін:

«

3.2. Тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	85	80,4	75,9
--	----	------	------

»

2. Облыс әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК